

"Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша 2011 жылға арналған сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға берілетін қаражатты бөлу және пайдалану қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 наурыздағы № 257 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 мамырдағы № 597 Қаулысы

«2011 — 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңын және «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың «2011 — 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша 2011 жылға арналған сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға берілетін қаражатты бөлу және пайдалану қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 наурыздағы № 257 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, Білім және ғылым министрліктері заңнамада белгіленген тәртіппен ағымдағы нысаналы трансферттерді аударуды қамтамасыз етсін.»;

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша 2011 жылға арналған сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға берілетін қаражатты пайдалану қағидасында:

15-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің емдеу-профилактикалық мекемелері үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі сатып алатын медициналық техниканың тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен келісіледі.»;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген 2011 жылға арналған азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға берілетін қаражатты бөлуде:

«Халықтың дұрыс тамақтауын қамтамасыз ету және тамақтануға байланысты аурулардың профилактикасы» деген 5.1.2-мақсатта:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

3	Мектептердегі балаларды тамақтандыру рационна витаминді-минералды кешенмен байытылған тамақ өнімдерін енгізу, оның ішінде Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын іске асыруға Алматы облысының (Талғар ауданы) облыстық бюджетіне нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша	БҒМ	100 000 оның ішінде:
		Алматы облысының әкімдігі (Талғар ауданы)	100 000

»;

«Балалар мен жасөспірімдердің психологиялық және тәни денсаулығын қалыптастыру» деген 5.1.3-мақсатта: реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

1	Мектеп жасындағы балалардың арасында тірек-қимыл аппараты ауруларының профилактикасы бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеу, оның ішінде Қарағанды облысының облыстық бюджетіне, Астана қаласының қалалық бюджетіне нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша	БҒМ	50 000
			оның ішінде:
		Қарағанды облысының әкімдігі	39 632
		Астана қаласының әкімдігі	10 368

».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К.Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК